

**ЖЫР ЖЫРЛАП,  
ӨЛЕҢ – ТАҚПАҚ АЙТЫП  
ЖАҢЫЛТПАШ ЖАТТАЙЫҚ!**





**ЖЫР ЖЫРЛАП,  
ӨЛЕҢ – ТАҚПАҚ АЙТЫП  
ЖАҢЫЛТПАШ ЖАТТАЙЫҚ!**

*Былдыр-былдыр бүлдіршін,  
жаңылтпаш айтып күлдірсін*

«Tafakkur qanoti»  
Ташкент–2016

УДК 821  
ББК 84(К5)  
Ю-88

**Құрастырған:**  
***Сайфулла Юлдашев (Тайыр) Егемберді Ұлы***

Басуға берілді 09.02.2016. Келемі 2,0 б.т.  
Қағазы офсеттік. Басылымы офсеттік. Есептік баспа  
табағы 2,0. Тапсырыс № 15/03. Таралымы 2000.

Манзил: Ташкент қаласы, Науаи, 30

ISBN 978-9943-382-40-4

«Tafakkur qanoti» 2016.

# ХАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ

---

## АЙГӨЛЕК

Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек!  
Айдай толған кезімде  
Би билеймін дөңгелеп!

Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек!  
Күндей нұрлы шағымда  
Күнге жетем өрмелеп!

## ТУҒАН ЖЕР

Атқұлақты ат қылып,  
Асыр салған осы жер.  
Ақ батпаққа аунасып,  
Жарыс салған осы жер.  
Айналайын, туған жер,  
Кіндік қаны тамған жер.

## ХАЛЫҚ САНАМАҒЫ

Бір дегенім – білеу,  
Екі дегенім – егеу,  
Үш дегенім – үскі,  
Төрт дегенім – төсек,  
Бес дегенім – бесік,  
Алты дененім – асық,

Жеті дегенім – желке,  
Сегіз дегенім – серке,  
Тоғыз дегенім – торқа,  
Он дегенім – оймақ,  
Он бір – қара жұмбақ!

## БАҚА

– Бақа, бақа, балпақ,  
Басың неге жалпақ?  
– Темір телпек көп киіп,  
Басым содан жалпақ!

– Бақа, бақа, балпақ,  
Көзің неге тостақ?  
– Қарауылға көп қарап,  
Көзім содан тостақ!  
– Бақа, бақа, балпақ,  
Бұтың неге талтақ?  
– Көп отырдым ерініп,  
Бұтым содан талтақ!

## БАҚ-БАҚ

Бақ-бақ,  
Ашамайдың құлағын  
Шақ! Шақ!  
Жақсы бала – аппақ!  
Жаман бала – сатпақ!

## АППАҚ БОЛЫП ЖҮРЕМІН

Ақ халатты киемін,  
Аппақ болып жүремін,  
Аппақ болып жүргенді  
Өзім жақсы көремін.

«Дәрігермін мен», – деймін,  
Кәрі әжемді емдеймін.  
«Көп-көп ішіп дәріні,  
Кәрілікті жең», – деймін.

## КЕКІЛІК

Кекілік-ау, кекілік!  
Ойнақшисың секіріп,  
Бір орында тұрақтап,  
Отырмайсың бекініп.  
Шәкірт болсаң, алар ең  
Тәртібіңе «екілік»

## КІМ НЕМЕН ОЙНАЙДЫ?

*Өтебай Тұрманжанов*

Теңізші болатын бала  
Бұлақпен ойнайды.  
Емші болатын бала  
Сынаппен ойнайды.  
Батыр болатын бала  
Қынаппен ойнайды.  
Жарықты жағатын бала  
Шырақпен ойнайды.  
Шопан болатын бала  
Қозы, лақпен ойнайды.  
Диқан болатын бала  
Топырақпен ойнайды.  
Ғалым болатын бала  
Кітаппен ойнайды.

## .БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАДА

Балабақша есігін  
Үшке тола ашқанбыз.  
Балапандай өсіріп,  
Мәпелейді бақшамыз.

Бұл – екінші үйіміз,  
Бір туғанбыз бәріміз.  
Біз – осы үйдің гүліміз,  
Біз – осы үйдің сәніміз.

Бұл – құшағы тым ыстық  
Мектебіміз бастапқы!  
Бұнда жақын туыстық,  
Бұнда тұңғыш дос таптық!

## БІЗ ЕНДІ ҮЛКЕНБІЗ

Осы біз де –  
Өзіміз де  
дардаймыз!  
Бұзақының  
Біз ақылын  
алмаймыз.

Көргендіге  
Ерген бірге –  
достарымыз.  
Жақындықты,  
Татулықты  
қостаймыз!

## ОН САУСАҚ

Жалғыз саусақ тіпті де,  
Ұстай алмас жіпті де.  
Екі саусақ бірікті,  
Ине қолға ілікті.  
Үш саусағым орамды,  
Жүгіртеді қаламды...  
Өнерлі екен он саусақ:  
Қала салсаң, жол салсақ...

## ШЕКАРАШЫ

Кең дала, тау, көл, теңіз...  
Ұлан байтақ өлкеміз!  
Өткізбейді жансызды  
Шекарашы көкеміз.  
Сыбдырлай ма ну қамыс?  
Әр дыбыспен ол таныс.  
Ер жеткен соң жасаймыз  
Ағаларға қолғабыс.  
Шекарада сарбаз тұр,  
Ел бақытын қорғап тұр.  
Көңілденсін ағалар,  
Амандық хат жолдап тұр.



Bu tanishuv parchasidir. Asarning to'liq versiyasi  
<https://kitobxon.com/oz/asar/1795> saytida.

Бу танишув парчасидир. Асарнинг тўлиқ версияси  
<https://kitobxon.com/uz/asar/1795> сайтида.

Это был ознакомительный отрывок. Полную версию можно  
найти на сайте <https://kitobxon.com/ru/asar/1795>